

Әдебиеттің жанрлары көп, оның ішінде күрделі сюжетке құрылатын көп бағытты .күрделі романдар оқып жататын қазіргі заман адамдарының уақыты жоқ делік. Қазіргі заман адамы не істеуі керек?

Интернеттен қана оқып, шектелмеуі тиіс, себебі антикалық әлем мен орта ғасырларда, ХҮІІІ-ХІХ .тіпті ХХ ғасырда да компьютер жоқ еді ғой. Олардың бүткіл адамзатқа үлгі боларлықтай қызықты ,шиеленіске толы тарихпен тығыз байланыста өрбіген өмірі кітаптарда оқырманын күтіп сарылуда.

Демек, әлдебір қазіргі кездің қоғамдық өмірі мен адамдарының психологиясын полотно тәрізді сезіну үшін де, қазіргі замануи әдебиетті жасап,оны гүлдендіру қажет. Кино саласында көп оқитын ,интеллектуальдық дүниесі бай жастар туралы фильмдер түсіріліп жатқаны қуантады. Қазіргі заман адамы көркем әдебиетті іздеп-танып, әдебиетті талғаммен оқыса , құрметтесе құба -құп.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Аль-Фараби.Историко-философские трактаты, Алматы,1985
2. Жұмабаев М. Шығырмалар, 2-3 том, Алматы,1996,224бет.
- 3.Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар, Алматы.1990.
4. Әдебиеттану сөздігі.Алматы,1996.
- 5.Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы,Алматы,1959.
- 6.Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы,1992.

Резюме

В данной статье исследуются современные проблемы литературоведения в стыке культур.

Summary

In given article it is investigated many-sided modern problems of literary criticism on a joint of cultures.

Özet

Verilen makalede bu kültürlerin ortak üzerine edebiyat eleştirisinin çok yüzlü, modern sorunlar incelenmiştir.

А.Бейсенхан,

магистрант,

Сүлеймен Демирел атындағы университет.

Алматы/Қазақстан

тәуелсіздік тұсындағы айтыс өнері

Бір мезеттік ой ауқымына, сезімге берілмей, өнер трихының тұтас даму барысына үңілер болсақ әрқандай халықтық сыйпат алатын тұлғалы, кесек өнер түрлерін кейінгілердің қолдан құрастыруы яки жасауы оңайға түспейді. Даму тұрғысынан айтқанда кейінгі ұрпақ бұрынғылардан озық өрелі туынды, өнер түрлерін жарата алады, сол барыста байырғы туындыларды үлгі-өнеге онан мол нәр қабылдауына болады. Біз сөз етіп отырған нағыз халықтық сыйпат алған, мазмұн мәнері, форма бөгенайы жағынан жасампаздық биігіне шығандап, ғасырлар бойы жұртты өзіне баураған бірегей туындылар, өнер түрлері бір мезеттің, бірер дәуірдің яки бірнеше адамның туындысы бола алмайды. Ол ұзақ заман халық ішінде барлыққа келу, өркен жаю, даму, жетілу, толысу барысынан өтеді. Халықтық жасампаздық өнер ошағында шыңдалады, өз бойына халық даналығының нәрін сіңіреді. Тек осындай өнер түрлері яки туындылар халық жасампаздығының жауһары бола алады. Біздің борышымыз – ұлттық мәдениетіміздің, халық жасампаздығының жауһарын дәп басып тану, оған жасампаздықпен мұрагерлік ету, әсіресе оның мәдениет пен көркемөнердегі орнын жете

бағалау және өсіру, оны ұлттық мәдениетіміздің ұлағатты үлгісіне айналдыру, сол арқылы халық мәдениетінің өресін өсіру. Осы тұрғысынан келгенде қазақтың халық көркемөнерінде ақындар айтысы осындай шартқа толымды өнер түріне айналды. Қазақ халық көркемөнерінің дара сипатына өкілдік ете алады және соның тивтік үлгісі деп есептеуге болады. Белгілі ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішов айтыс өнерін кұрлықтар ара мәдениет салыстырмасының биігінен бағалайды. Ол өзінің 1999-жылғы сұхбатында мәдениетте Еропаны ғана етуді уағыздайтын евросентрализмге қарсы сөгіс айта келіп, оған қарсы Азия мәдениетін колденең тартады, Азия мәдениетін мешеу мәдениет деген танымға тойтарыс жасай келіп, қазақ мәдениетінен айтыс өнерін тілге алады. Оны өзге ұлттарда жоқ яки дәл біздегідей жетілмеген өнер екенін көрсетеді. «оған тайлы-таяғымыз қалмай барамыз, қадір-қасиетіміз деп қастерлейміз» дейді. Осызаманғы айтыс өнері қазақ ғана емес, тұтас қоғам және өзге ұлттар назарын аударған өзгеше өнер ретінде бой көрсетуде. Мәселе біз соны жеткізе айтып, нәсихаттай алмай келеміз. Айтыстың ұлттық ерекшелігін ұлағатты зерттеуші Нығымет Мыңжан талай дәріптеген болатын. Соңғы жылдар ол жөнінде анықтап пікір айтқандардың бірі жазушы Сұлтан Жанболатов болды. Ол ақындар айтысы туралы мақаласында: асқарымызды аласартпайық, асылымызды жасытпайық деп дәріптеді. Тарихшы, этнограф Ж.Мырзахан да өзінің « Қазақ тарихы және оның салт-санасы» деген арнаулы еңбегінде айтыс өнерін жоғары бағалайды. Тари тану ғылымының профессоры Субихай, фольклор зерттеушісі Би Шүн сынды ғалымдар айтыс өнерін қазақтың ұлттық мәдениетінің өнегелі үлгісі деп есептеді.

Менше, айтыс өнері барлыққа келіп, өркен жайғаннан бері екі дүркін биік белеске серпілді. Алғашқы серпілу XIX ғасырдың срңғы шенінде жарыққа шықты. Ол жалпақ жұртқа әйгілі «Біржан – сара айтысын» негізгі белгі етеді. Бұл айтыс мазмұн мәнері жағынан өз дәуірінің сыр-сыйпатын айқын белгілейді. Айтыс өнерінің, ақындық жасампаздықтың, айтыс ақындарының өзіндік өзгешелігін танытты, айтыстың дамуына игі ықпал жасады. Жыраулар өнері, суырып салма жасампаздық, айтыстың шарықтауы жақтарынан қазірге дейін өнегелік құнын жойған жоқ. Қазақ әдебиетінің тарихында XX ғасырдың алғашқы жарымында айтыс өнері онан ары дамыды және әдебиетті, ақындық жасампаздықты, ақындарды жетілдіретін өнер ошағына айналды. Айтыс өнеріндегі ендігі бір серпілу дәл қазіргі дәуірде жарыққа шықты деген ойдамын. Меніңше айтыс өнері барлыққа келіп өркен жайғаннан бері қазіргідей салтанатты ұйымдастырылған, кең әлеуметтік, тәрбиелік, эстетикалық рол ойнаған емес. Оның үстіне мұндай ілгерлеушілік XIX ғасыдағыдан мүлдем өзгеше, ғылым-техника, мәдениет дамыған электрон, ақпараттық дәуірінде қалыптасуымен дараланады. Шоқтығын биіктетеді. **Қазіргі айтыстардың суырып салма жасампаздық, төкпе ақындық деңгейі байырғы айтыстың анық нұсқаралындай сіберлеген., бастырмалатқан сүре айтыс өресінен асып кете алмағанымен мазмұн - мәнері, тұлғалануы, жалпыласуы, ұйымдастырылуы, ролы жағынан әлде қайда ілгерледі.** Сол арқылы айтыс өнері өзге дәстүрлі көркемөнер мұраларына салыстырғанда өзінің анағұрлым икемділігін, өміршендігін, абзалдығын, жаңаланып жаңғырып, дами беретінін, эстетикалық, тәрбиелік ролының орталамайтындығын, күннен-күнге күшейе беретінін әйгілейді.

Ендеше, айтыс өнерінің, ақындар айтысының түбегейлі ерекшелігі неде? Зерттеушілер көбнесе оның айтлыу мәнеріне, нақ майдан жасампаздығы, суырып салма өнер, сапқырлық, шешендік, ақындық шабыт*шалым бәсекесі екендігіне баса назар аударады. Бұл әрине дұрыс, дегенмен айтыс өнерінің сыры тереңде жатқан тағы бір ерекшелігі бар. Өзге дәстүрлі мәдениет мұралары. мысалы, дүниеге әйгілі мифтер, ежелгі ірі эпостар, байырғы музыкалық туындылар тарихта және қазір елеулі ықпал тудырады. Халық мәдениетінің дамуына игі ықпал жасады. Бірақ олар ендігәрі жаңаланып жаңғырмайды. Осыдан жүз жыл ілгері сол қалпы болса, енді жүз жылдан кейін де үлкен өзгеріске ұшырамайды. Тек жалғасты зерттеледі, құпиясы ашылаы, жыйнақталады, халық жадында сақталады, ардақталады. Қазір тыңнан, аса керемет роман жазылуы мүмкін. Бірақ «Қобыланды», «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырының қайта туылуы яки жаңаланып, жаңғыруы мүмкін емес. Айтыс өнері де шыт жаңа нәрсе емес, халықтың ертеден жалғасқан ата мұрасы. Сүтпен бігіп, сүйегіне сіңген дәстүрлі

көркемөнері. Бірақ, оның өзіне тән таңғажайып ерекшелігі – өзге көркемөнер мұралары секілді бір ізде тоқырап баяғы қалпын сақтай бермейді. Дәуірдің, әлеуметтік ортаның дамуымен бірге ілгерлеп өсіп-өніп отырады. Дәуір рухына, халықтың тың талабына рухани мұхтажына сәйкеседі. Формасы жаңаланып өрісі кеңі береді. Мазмұны толысады, байырғы айтыстардың таңдаулы нұсқалары халық жадында сақталады. Оның үстіне айтыс үртіс тың нұсқа тудырып отырады. **Дәуірдің өтуімен айтыс қоры молыға береді, нағыз сарқылмас қазына. Енді бір жағынан ол халықтық, бұқаралық көркемөнер болу сипатымен де дараланады. Өзге көркемөнер, фольклор мұраларына қарағанда айтыс халыққа анағұрлым кең жалпыласқан.** Қазақ жұрты айтыс өнеріне қатты қызығады әрі онан терең эстетикалық ләззәт алады. **Айтыстың жұртты өзіне тәнті етерлік кереметтей сыйқырлы күші – оның осындай ізі суымайтын өскелең өміршендігінде.** Жұрттың көз алдында орындалып, тыңнан туындайтын жандылығында болса керек.

Айтыстың дәстүрлі сипатына қарай, мазмұн, мәніне, орындалу орны, мақсатына қарай түрге бөлінуінде айтыстың табиғатын зерттейтіндердің бәрінің көзқарасы бірдей емес. Әрине, олай болуы мүмкін де емес.

Осы күнгі ақындар айтысындағы маңызды буындардың бірі айтыс барысында ақындардың жасампаздық қабілетін, айтысу өнерін тура бағалау болып табылады. Қазіргі ақындар айтысында бір топ төреші ортаға шығып өнердің өзге түрлерін бағалау секілді әр жұр әріптес ақынға жеке-жеке номер қойып бағалайтын дәтүр қалыптасты. Дәстүрлі ақындар айтысы жөнінен алғанда мұны тың тәсіл деуге болады. Байырғы ақындар айтысын ешкім де арнайы бағалап дәрежеге айырып жатпайтын, ескі айтыстар көбнесе кездойсоқ өткізілетін, стихалды сипат алатын. Оның үстіне ол тек бір-екі ақындардың айтысы болғандықтан әріптестер бірін-бірі бұра тартуға келмейтіндей бұлтартпай жеңгенге дейін ұзақ айтысатын. Жөні келсе бардам адамдар ақындарды жолын беріп (ат мінгізіп шапан жауып) жолға салатын. Осы күнгі айтыстарда ақындарды бір топ сарапшылардың номер қойып бағалауы дәрежеке бөліп жүлде беру бір есептен ақындар айтысының жаңа заманғы тың дамуы мен санатқа ілінген кәделі өнерге айналғандығын айғақтайды. Қазіргі айтыс (бұрынғыдай белгілі бір көлемді қыймылдың, ас-тойдың қосымшасы, жай көңіл ашу емес), ондаған ақын айтыс бәсекесіне қатысатын дабыралы дода, арнайы көркемөнер байқауына айналды. Жасампаздықты дамыту, ақындарды шабыттандыру үшін ақындарға жүлде берілетін болды. Айтыс үстінде әділқазылар тобының ақындарды балдық жүйемен бағалау тәсілі, міне осындай жағдайда ортаға шықты. Бізше ақындарды әділқазылар тобының номер қойып бағалауы әліде сынақ үстіндегі тәсіл. Оны әбден пісіп-жетілген мүлтіксіз шараға айналды дей алмаймыз. Дегенмен біздегі жиырма неше жылдық айтыс жыйналысы барысында осы тәсіл қолданылып келеді және ол ақындардың өресін бағалауда белсінді рөл атқарады. Ендігі мәселе осы бағалау тәсілін ойдағыдай қолданып, ақындар айтысын қарақылды қақ жарағандай әділ бағалауда болып отыр. Мұндағы маңызды бір буын ақындар айтысын бағалаудың үйлесімді өлшем-шарттарын белгілеу және сол өлшем-шарттардың неғұрлым дұрыс, дәл игеру. Менің білуімше, қазіргі айтыс өнерінде мынандай өлшемдер қолданып жүр. Сол өлшемдердің бірі әрі негізгі тармағы айтыс мазмұнына баса мән беру. Мұнда ең алдымен айтыстың мазмұн мәнерінің ақаусыз болуы, дәлірек айтқанда, ел саясаты мен ұлттардың береке-бірлігіне, қоғам орнықтылығына, мемлекеттің тұтастығына тиімді болу меңзеледі. Онан қала берсе әріптес ақындар өз бетімен кетпей, өзара сөз қуалап айтысуы, бірін-бірі тапқыр ой, тартымды пікірлермен ықсырату талап етіледі. Белдігі бір әлеуметтік мәселені тілге тиек ете отырып көсіле жырлаудың өзі де әріптестердің тап берме тартысына сіңірілуі, соның табиғи құрамдас бөлегі ретінде сезілуі шарт етіледі. Олай дейтініміз түбін қуғанда айтыс – сөз барымтасы, айтыстағы жеңу-жеңілу, шеберліктің өресі тапқыр ой, тартымды пікір арқылы белгіленеді. Ән әуені, домбырамен сүйемелдеуі, сахыналық енімі, отырыс-тұрысы қанша әдемі болғанымен «аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп», терең толғап екпіндеп айтыса алмаған ақын көрерменнен де, төрешілерден де жақсы баға ала алмайды. Сонымен қатар ақындардың сұрақ-жауап айтысын, жұмбақ айтысын тым көп қлданбау талап етіледі. Тәжірбиелі айтыс ақындары өздерінің ұзақ жылдықт айтысу тәжірбиесіне негізделіп, мұндай

айтыстарда сұрақ қоятын яки жұмбақ айтатын әріптестің алдын-ала ой құрап әзірленіп алуы мүмкін екенін, бұл ақындар айтысының негізгі факторы болған суырып салма жасампаздық өнер шартына сай келмейтінін дәріптеді. Айтысқа қойылатын тағы бір шарт ақындардың орындау шеберлігі немесе ән әуені(жағымды-жағымсыз болуы, қайталанған-қайталанбағаны) домбырамен сүйемелдеу шеберлігі, сахиналық мимикасы яғни отырысы, қыймылы, өжеттілігі мен тартыншақтығы, әдеп-ибасы, т.б. соңғы шарт, ақынның сахиналық киімі, сұлулығы болды.

Айтыс үстінде ақындарды қара қылды қақ жарғандай әділ бағалаудың оңайға түспейтіні байқалды. Олай болатыны айтыс ақындарын бағалау барысында математикалық сұраққа жауап бергендей дәп басып номер беру қиынырақ. Айтысқа түсетін ақын көп болғандықтан алдыңғы ретте айтысқан ақындардың айтысу шеберлігі тәуір болды деп жоғары номер берілсе кейінгі реттерде айтысатын ақындардың олардан асып кететіндеріне жол қалмайды. Алдыңғы ретте жақсы айтты делінетін ақындарға қалыпты номер берілгенде кейінгі ретте айтысатын ақындардың олардай айтысатындары шықпаса жалпы номер өресі төмендейді. Олар: тәжірбиелі төрешіде ақындардың ақындық қабілеті, айтысу өнері жайлы жалпы мөлшер-меже болады дейді. Бұл сөздің де жаны бар. Дегенмен ақындардың бұрынғы нәтижесіне, төрешінің субъектив мөлшеріне жармасып алудың реті келмейді. Бірдан, Сара, Сүйінбай, Жамбыл ақындар секілді шабатын шабантоздар жоқ емес. Алайда, көпшілік ақындарға қарағанда оның әр реткі айтысу өресіне нақтылы талдау жасау, оны обектив бағалау қажет. Өйткені, бір ақынның әр реткі айтыста бірдей шабытқа бөленуі екіталай. Оның себептері: көңіл-күй үнемі бір қалыпта тұрмайды; ортаның, денсаулығының және айтыс алдындағы рухани дайындығының ықпалы болады; Бір ақынға әр реткі айтыста мықты әріптес кезіге бермейді; осылардан басқа да ақындарға керенау ықпалын жасайтын факторлардың жоқ емес екені байқалады. Шабытының шарықтауына, тап берме тайталастағы жігеріне және жан-жақты жаттығуына байланысты бұрын өзінің ақындық қарымын еркін сәулелендіре алмаған кейбір жас ақындар кенет серпіліп, үлкен ақындардан басым шығатын кездері де болады.

Осы күнгі ақындар айтысында мықтап ескеретін жәйіттердің бірі –айтыс уақыты. Бұл жағынан қазіргі ақындар айтысы байырғы ақындар айтысынан парықталады. Байырғы ақындар айтысы уақыт шектемесіне ұшырамаған, айтысушы ақындар бірін-бірі тығырыққа тірегенге дейін жалғасатын. Онда жеңілу - жеңуде өте айқын болып, жеңілген ақынның жеңген ақынға кәде беруімен аяқталатын, айтыс текісін айтыстың барысымен қоса көнбенесе айтыс ақындарының өздері ел-жұртқа ауызша таратып отырған. Әсіресе, жеңілді делінетін ақындар жеңген ақындарды жоғары бағалап, олардың мәртебесін, айтыс өнерін баса дәріптейтін тамаша салт қалыптасқан. Қазіргі айтыстарға бұрынғыдай емес, жер-жердің арыстары жыйналады. Жиырмадан астам ақындар бәйгеге түсіп, жүлдеге таласады. Олардың бәрін бірдей ерікті айтыстыруға, көсіле жырлап, ой-пікрін сарқа баяндауына уақыт жетпейді. Тек ақындардың айтысу өнері мен қабылеті байқаудан өтеді. Сарапқа салынады. Бұлай деу әрине байырғы айтыстарға салыстыра айтылып отыр. Қазіргі айтыстарда ешқандай жеңу-жеңілу факторы жоқ дегендік емес. Ақындар белгіленген қысқа уақыттық айтысу арқылы бағалаудан өтетіндіктен оған белгілі мөлшерде әділқазы, төреші қойып, балдық жүйемен бағалауға тура келеді.

Бүгінгі ақындар айтысы нақ майданда қолма-қол бағаланады. Онда кен ойланып-толғанарлық орай жоқ. Айтыстың түбегейлі төрешісі көрермен қауым. Кімге қандай номер қойсам болар екен деп алаңдап отырған әділқазы-төрешілерге, өз ақындым жүлде алса екен деп тақымын қысып сыбанып отырған әрбір ақындар тобының топ басыларына, «Алаштың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» дейтін ішінара жерлестік тілекке иелеріне қарағанда көпшілік көрермен қауымның аңысы әлде қайда тәбиғи және әділ болатын секілді. Қабылдау, ләззәттану естетикасы тұрғысынан айтқанда ықылас-ынтаға толы мерейлі ортада көпшілік адам ақындарға обектив тұрғыдан тәбиғи үндеседі. Айтыстың тартымдылығы мен көркемдігіне қарай аңыс білдіреді және көтермелейді. Айтыс сәтінде бар ықыласымен берілген көрермендер ақындарға берілетін бағаға да көңіл бөледі. Тапқыр ойлы тартымды ақындар ғана шын мағынасында айтысады, жұрт сусынын қандыра алады. Оларға

терең естетикалық ләззәт бағыштайды. Жұрт тәбиғи түрде жүйрік ақындардың жүлделі болуын үміт етеді. Мұның өзі олардың өскелең талабынан туған талғамы. Бағалауда арнаулы белгіленген әділқазылар тобы елеулі рөл ойнайды. Жұрт олардан қара қылды қақ жарғандай әділ төрелік күтеді. Әсіресе нақ майданда көрермен қауым оларды тікелей бақылайды. Айтыста көрермендер өз талаптарын әділқазылар тобына хат-қағаз арқылы да, ауызша да үзбей білдіріп отырады. Ақындардың соңғы нәтижесін, дәрежесін бекіту құқығы әділқазылар тобының қолында болады. Соған байланысты көрермен жұрт әрбір әділқазының ақындарға берген бағасына, сарапкерлігіне қарай оларды да бағалап отыратын секілді. Демек, ақындар айтысы барысында әділқазылардың өзі де сын үстінде отырады. Жалпы алғанда, әділқазылар неғұрлым ғылыми сарапкерлік позитсияда болуға тырсуы, жерлестік, тамыр-таныс, ілікгестік кесірінен аулақ болуы керек. Айтыс барысында көрермендер олардың номер қоюына байланысты кімнің қай жаққа бейім екенін байқап отырады, мұны көп адам ашық айтып жүр. Соған байланысты айтыста әділқазыларды ойдағыдай таңдау өте маңызды түйіндердің бірі. Өзге шарттарды былай қойғанда әділқазылар неғұрлым айтыстың қыры мен сырына қанық, анау-мынау жаутарға ауытқымайтынын әділ адамдардан іріктелгені абзал. Әрине, әрқандай істе жеке бастың мәселесі болмайды. Бірақ мүмкіндігінше осылай істеу береке-бірлікке, ақындардың жасапмаздығына шабыт беруге, айтыс байқауының сәтті өтуіне тиімді болмақ.

Айтыс өнерін дұрыс сараптауда ақындарды ойдағыдай ретке тұрғызып, **әрбір ақынның ақындық қабілетіне, жасына, жынысына қарай ақылға сыйымды орналаструдың өзі де орынын өгейсітуге болмайтын шарттардың бірі.** Ысылған тәжірбиелі ақынды айтысқа енді араласқан балауса ақынмен айтыстыру әр екі әріптеске де пайдасыз. Мықты ақын әріптесінің серпіліп айтыса алмағанына көңіл болмесе, тәжірбиесіз ақын өте әулетті ақыннан қорынып, көсіле алмайтын секілді. Айтыстың тартымдылығы мен қызығарлық жері бір-біріне есесін жібере қоймайтын адуын ақындардың қызу сайысынан бейнеленеді. Мұндайда ақындар жігерлене айтысып, әріптесінің апшысын қуыруға тырысады. Көрермендер ықылас-ынтасымен тамашалайды және көтермелейді. Айтыс өнерінің мұрат-мақсаты да міне осы. Айтыс барысында ақындарды ойдағыдай жұптастру, ақындарды шабыттандруға, жасампаздық өнерін жете сәулелендіруге және көрермендерді баурауға тиімділік жасайды. Ақындар айтысы нақ майданда сұраққа жауап беретін ғылыми зейін сынау жарысынан да өзгеше. Сондықтан, ақындар айтысын бағалағанда оның өзіне тән ерекшелігін ескермей болмайды. Ақындар айтысы әріптес екі ақынның өзара шешендік, ақындық, тапқырлық жарысы әрі тікелей айтыса алмаса да өзімен тетелес айтысатын жүлде таласуға қатынасатын өзге ақын әріптестермен болған өнер бәсекесі. Өзге ешқандай өнер бәсекесін ақындар айтысымен бір қатарға қоюға болмаса екерек. Ақындар айтысы жаттамалы яки тума даритын немесе белгілі тәрбиешінің қысқа уақыт машықтандыруымен игере алатын өнер емес. Ол ойланып-толғануға мұрса бермейтін, шұғыл поэзиялық жасапмаздық, суырып-салма ақындық қабілет. Мұндай ауыр өнер бәсекесі өнер жарыстарында сирек кезігеді. Ақындар айтысында айтысатын әріптес ақындарды үйлесімді жұптаструмен бірге әрбір ақынның айтысу барысына мұоият үңілу керек. Өзгені былай қойғанда, әрбір ақынның шаршы топтың алдында, сахнаға шығып жасқанбай өлең құрап айтыса алуының өзі үлкен батырлық. Оны қолдау, демеп-жебеу тұрғысынан қарау керек. Үйде оңаша отырып қалай шалқуыңа да бола береді, ал шаршы топ алдында қапелімде ой құрап сілкілесу кім көрінгеннің қолынан келе бермейді. Жазып жатап алған өлең немесе сөз секісімізді жұрт алдынд әрең айтып бере алатын кездеріміз болады. Сол жөнінен ақындардың ошарланған жұрт алдында қолма-қол өлең құрап әндетуін төмен бағаламауға тиіспіз деп ойлаймын. Менің бұлай деуім жазбаша ақындарға көлеңкесін түсірмесе керек, ол өз алдына жасампаздық.

Айтыс ақындарының жасампаздығын дұрыс бағалаудың ақындар жағына саятын жақтары да жоқ емес. Көп жылдардан бері әр дәрежелі ақындар айтысы жыл сайын өткізіліп, кемелденіп, арнаға түсті. Дегенмен кейбір жәйттер назар аударуға татиды. Соның басты біреуі, айтысқа түсерден бұрынғы әзірлік яғни әр орынның өз ақындарын баптап бәйгеге қосу мәселесі. Бәйгеге қосатын жүйрікті халық қандай аялап баптайды, айтысқа түсетін ақындар да сондай мәпелеп басқаруға мұхтаж. **Қазіргі ақындар айтысы клооектив қимыл, ол**

баяғының айтыстарындағыдай бір-екі ақынның кездейсоқ қағысуы емес. Қазақтың «ат шаппайды, бап шабады» дейтін аталы сөзі кей жақтарда жарық етіп жарысқа түссем деп тықыршып тұрған ақындар тобына сай келеді. Әдетте айтыс ақындарының дені жалындап тұрған жастар. Бұл ретте ақындар тобы жетекшілерінің жауапкерлігі өте маңызды. Олар өз ақындарын барынша аялауы, ақындардың денсаулығына, көңіл-күйіне көңіл бөлуі керек. Тіпті ақынның андаусызда тамағының қарлығып қалуы да айтыс барысына кері әсерін тигізеді.

Ақындар тобын ойдағыдай басқарып баптауға мән берудің өзі де бағалау шарттарының бірі. Айтыс байқауында тек ақындар ғана емес, жер-жерден жиылған ақындар тобы да өзара бәсекелес болады. Бұл қалыпты құбылыс.

Назар аударуға тиісті тағы бір жайт, әр реткі айтыста ақынның тек сол реткі айтысу, ақындық шеберлігі ғана бағалануы, оның шешуші сайысқа қатысу-қатыспау толымдылығы, жүлделі болу-болмауы сол негізде белгіленуі керек. Өйткені, бір реткі ақындар айтысы әрбір ақынның жалпы еңбегін, оның өткен-кеткенін бағалай алмайды. Айтыс байқауында тікелей айтсын-айтпасын барлық ақындар өзара бәсекелес болады. Сондықтан, ақындарды бағалау, сараптауда барлық адам ортақ бойсынатын қатаң ереже болу керек. Біз ақындардың бұрынғы нәтижесін сыпыра терістеу яки оны ескерусіз қалдыруды дәріптемейміз. Өнер жолындағы қанаттанудың, өсудің бұрынғы нәтиже негізінде жетілетіні, ой өрісті, сезімі серпімді шебер ақындардың көп ретте өршелене шабатыны мәлім. Бірақ, ақын біткеннің бәрі айтыста оза шауып, төске өрлеуі екіталай. Бір ақынның барлық айтыста шабытының шарықтап жеңіп алуы мүмкін емес. Бұл өнер жарыс-бәсекелерінде дәлелденіп жүр. Ақындарды бағалауда жанды, икемді өлшем қолдануа айтыс сапасын өсіруге, жалындаған жаңа өнер иелерін байқауға, айтыскерлерді жігерлендіруге пайдалы.

Ақындарымыздың, әсересе жалындап жетіліп келе жатқан жас ақындарымыздың ақындық өнерге жетілу мен жүлделі болудың байланысын дұрыс бір жайлы ету өте маңызды. Көп жылдардан бері бағалау-силау арқылы айтыс өнері дамытылды, ақындар шабыттандырылды. Ақындар айтысында марапаттау әдісі орнын оғейсітуге болмайтын белсенді факторлардың біріне айналды. Онсызда қазақ той-думаншыл халық, жиған-тергенін содан аямайды. Жайшылықта еңбегі сіңген. Ел көзіне түскен азаматтарға ат мінгізіп, тон жауып, соны тойлап жатады. Жүлде, сыйлық, мадақ үні нені білдіреді? Ол, әрине, ақынның бір реткі жоғары нәтижесінің, осыған дейінгі ақындық, жасампаздық өресінің, жеткен биігінің белгісі есептеледі. Бірақ, тұтас жасампаздық өмірінің соңғы көмбесі бола алмайды. Өнер шыңына ұмтылған ақын жөнінен алғанда, ол өткеннің естелігі ғана. Сондықтан, жүлде алған ақындар оған бола тқмейлісуіне, жетер жеріме жеттім, шығар шыңыма шықтым деп есептеуіне болмайды. Ақындар айтысы өмірлік бәсеке. Сен шыққан биікке құйрық тістесіп тетелес келе жатқан тағы біреудің шығуы, тіпті басып озуы мүмкін. Өнер-білімде шек болайды. Оның шегіне жеттім деп ешкімде кеуде қаға алмайды. Бір жас ақын жөнінен алғанда, оның қазіргі шыққан биігіне салыстрғанда даму болашағы маңызды. Түптеп келгенде, әрбір ақын өзіне тән өзгеше жасампаздық әдісімен тынбай ізденуі, өрге ұмтылуы керек. Ақындық өнерге жетілуді анда-санда бірілетін жүлдемен мықтап матаструдың қажеті жоқ. Әрине жүлде жүйріктікі, ол шүбәсіз. «шын жүйрік өрге салса өршеленер» дегендей өмірбақи өнер жолын қуып, соған мықтап берілген ақын жөнінен айтқанда жүлделі болу биіктен биікке самғаудың түрткісі болуы, өмірлік мақсаты болмауы керек. Айтыс тарихына назар салсақ, мұның қиды-қилы тамаша өнегелерін көре аламыз. Ғасыр бойы айтыс өнерінің көгінен көрінген әйгілі Біржан-Сара айтысына ешкім жүлде бағалаған емес. Әсет, Ақыт, Таңжарық секілді әйгілі айтыскер ақындар жүлделі болып, сахына төріне көтерілудің орнына қуадаланып, абақтыға жабылды. Тіпті өлтірілді. Атақты Жамбыл ақын Россия дәуірінде қуғындаумен өмір өткізді. Қуғындау мен жаныштау олардың ақындық өнерге жетілуіне кедергі бола алмады. Қайта түрткі болды, жігерін шыңдады. Оған салыстырғанда қазіргі ақындарды өнер бесігінде әлпештеп, жебеп-желеп отырмыз десек артық айтқандық болмас.

Қорыта айтқанда, ақындар айтысының өресін өсіру мәселесінде әрі ақындардың іркілмей көсіле жырлау шеберлігін дәріптеуіміз әрі шарт-ережені тым көбейтін, оларды жан-жақтан шектемеуіміз қажет. Шектеу, тектеу тым артық болса, ақындар, әсіресе жас

ақындар қайтерін білмей қорынып қалады, жасампаздық белсенділігіне кесірі тиеді. Негізгі арқау, түпкі мазмұн ақаусыз болса болғаны, өзге жақтардан ақындарға ештеңені мүлт кетірмеу талабын қоймаған абзал. Қызба табанда ақындардың өз әріптесіне батыра қалжыңдауына да жол қоймау дұрыс емес. Белгілі мағынадан айтқанда ақындар айтысы шаршы топ алдында орындалатын еркін жасампаздық. Байырғы дәстүрлі ақындар айтысы солай болған, қазірде негізінен солай болуға тиіс. Сонда ғана ақындар көсіле айтысуына, ақындық қабілетінің өсуіне, тіпті бұрынғылар жете алмаған өнер биігіне ұмтылыс жасауына тиімді болады. Меніңше, қазіргі айтыс өнерінің аяқ алысы мен беталысы жоғары деңгейде. Осы биікті төмендетіп алмай, онан ары дамытуға күш салуымыз керек. Екінші, ақындарды бағалап сыйлағанда, әсіресе, бас жүлдені белгілеуде сөз жоқ сабырлы болу, дәл тиянақтандыруға тырысу керек. Әділқазылар қойған номер бойынша салыстырғанда кейде шерік аты қарайлас ақындар оннан бір үлес номермен парықталатын жайыт туылады екен. Мұндай парық сол екі ақынның ақындық қабілетінің дәлме-дәл шешімі болуы екіталай. Әсіресе, бір өңірден келген ақындық нәтижесі қарайлас ақындардың соңғы нәтижесінің дәрежесін бекітерде әділқазылар алқасымен шектеліп қалмай, сол өңірден келген ақындар тобының жетекшілерінен, қатысты басшылардан пікір алған абзал. Бұлай ету неғұрлым ақылға сыйымды тұжырым жасауға, қайшылықтарды ойдағыдай бір жайлы етуге пайдалы болады. Ақындардың соңғы нәтижесін қатарға тұрғызуда әділқазылардың номер қойып бағалауынан сырт, кейбір объектив шарттар ескерілетін көрінеді. Бұл әрине орынды. Әр жолғы айтыс байқауында белгілі пікірдің, бағалау жөнінде ішінара ұқсамаған көзқарастардың туылуы қалыпты жайт. Мұның өзі ақындар айтысына жұрттың жаппай мән беруінің бір бейнесі.

Жалпы алғанда тәуелсіздің тұсындағы айтыс өнерінің үн бойынан да, таңғажайып тартымдылық қасиет байқалады. Бұл қасиет оның тыңдарманы мен көрерменін баурағаштығы. Кез-келген қазақ баласы айтыс десе ішкен асын жерге қояды. Қоғадай жапырылып оны көруге, тыңдауға асығады. Айтыс жүріп жатқанда көрермендер мен тыңдармандардың ықылас, ынтасына қайран қаласың. Мыңдаған адам қыбыр етпей ден қояды. Айтыстың қызықты тұстарында күркіреген қол шапалақ пен қыран күлкі, айхай-шу алаңды кернейді, ең даланы жаңғыртады. Өзара егерлесіп, сөз сайысына түскен әріптес ақындардың біреуін: о, бәле, жарайсың! – деп көтермелегеніңізді, тағы біреуіне: қап, әттегенауы, ұрымтал жерінен аусай кеткені-ай! – деп өкінгініңізді өзіңізде сезбей қаласыз. Далада, қалада, аядай үйде өткізілсін айыстың бұл қасиеті солғындаған жоқ. Қазақ халқы жөнінен алғанда айтыс өнерінің көрерменін баурағыштық қасиеті өзге өнер түрлерінен үстем орында тұрады десек күпірлікке жатпайды. Онда қалайда жалпақ жұртты өзіне тәнті етерлік бір сыйқырлы күш бар. Айтыс тануда бұл да назар аударарлық жәйіттердің бірі. Айтыс өнеріндегі мұндай баурағыштық оның өзге түрлерінен дара тұратын өзіндік өзгешелігіне, айтыстың тап берме тартысуы, бәсекелік сыйпат алуы, жұрттың көз алдында туындауы ақындардың суырып салма өлең жасампаздығы болуына байланысты. Бүгінгі дәуірдегі ақындар айтысында да жаттамаға, алдын ала өлең құрауға жол жоқ. Онда әріптеске айтылатын ой қарымжысын, сол ойға құрылған өлең жолдарын шаршы топтың алдында қолма-қол жапынан шығарып іркілмей айту, айтқанда жайма шуақтап, бүгедектемей ағыл-тегіл, бастырмалата айту талап етіледі. Тәуелсіздік тұсындағы айтыс ақындарының жасампаздығы суырып салма, ақпа-төкпе жасампаздық болғанымен ол жеке ақын-жыраулар жасампаздығындай белгілі бір құрлысқа бағытталған яки ақыл-нақыл, бата-тілек түрінде айтылатын еркін өлең жасампаздығы емес. әріптестің сұрағына жауап, шабуылына тойтарыс беретін, өзара тепейлесіп тіресетін өлең жасампаздығы. Белгілі мағынадан бүгінгі ақындарымыздың да өлең шығару ой ауқымы өз еркінде болмайды. Қарсылас ақындар бірін-бірі тежейді, жетектейді, ықыстырады. Ойдан ой, сөзден сөз тудыру қажет. Айтыс содан өрбиді, және қызады. Тыңдарманы мен көрерменін сол арқылы баурайды.

Резюме

В данной статье подробно описывается искусство «Айтыс» сегодняшнего дня ко дню Независимости а так же обновленный национальный образ под стать нашей эпохе.

Достижения в области народного искусства, зародившееся устной народной литературой в течение 20-ти лет, так же была сделана научная экспертиза будущего и главных тем.

Summary

This article is directed to the background of the national art "Aitys" after obtaining independence of our country. The scientific analysis, the main problems of "Aitys" and the achievements which we have reached during 20 years are discussed in this article.

Özet

Bu makale Kazakistan bağımsızlık aldıktan sonra ulusal sanat "Aitys" konusunda yazılmış. Bu makalede "Aitys" bilimsel analizi, 20 yıl sırasında başarıları ve ana sorunlar.

А. Хайырым,

Магистрант,

Сүлеймен Демирел атындағы университет.

Алматы/Қазақстан

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНІСІ

Балалар әлемі — өзіндік ерекшеліктері мол, күрделі де қызықты әлем. Сол әлемге еркін еніп, небір нәзік сыр-сипаттарды сезімталдықпен танып, зерделілікпен зейін салу, зергерлікпен бейнелеу — қаламгерлер қауымы үшін үлкен сын.

Балалар үшін әдебиет тек қана рухани азық — базарлық болып қана қоймай, рухани тәрбиеші де болса, қадірі арта түспек. Осы ыңғайда орыс әдебиетінің, шетелдердің прогресшіл бағыттағы озық; ойлы әдебиетінің де игі ықпалы болғанын атап айту жөн. Мәселен, Аркадий Гайдардың «Мектеп», «Тимур және оның командасы», Николай Носовтың «Көңілді семья», «Витя Малеев мектепте және үйде» секілді шығармаларының әсері төл әдебиетіміздегі мектеп өмірін өзек еткен әңгіме, повестерден аңғарылса, Жюль Верннің «Капитан Гранттың балалары», «Он бес жасар капитан». Даниэль Дефонның «Робинзон Крузо», Марк Твеннің «Том Соьердің таңғажайып істері», «Гекльбери Финнің басынан кешкендері», Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» тәрізді кітаптары әдебиетімізде қызықты хикаялар (приключение), фантастика жанрларының тууына өзіндік себін тигізбеді деу қиын.

Соңғы жылдардағы қазақ балалар әдебиетіндегі жанрлық-көркемдік жаңалықтар дегенде де ең алдымен сол қызықты хикаялар (приключение), балалар фантастикасы жанрларының дүниеге келуін айтамыз. Мәселен, жас фантаст Рысбек Баймахановтың «Шайтанқұмда жоғалған бала» атты кітабындағы осы аттас фантастикалық әңгімесінде туған жердегі құмда келе жатқан баланы аяқ астынан құм жұтып қояды. Әрине, құмға ертегідегідей жан бітіп кеткен жоқ. Бірақ сол бала аяқ басқан тұста құмның тұңғиық тартатын қасиеті бар. Мұның бәрін автор балғын оқырманын сескендіру үшін әңгімелемейді, қайта жаратылыстың осындай жұмбақ, құпия сырын ашуға ынталандырып, батылдыққа баулу үшін суреттейді. Мамандығы физик, жас ғалым-фантаст Рысбек Баймаханов ғылым жұмбағын, дәлірек айтсақ, ғылыми гипотезаны өзіндік ой, позиция айту үшін ұтымды пайдалана білген.

Бұл ыңғайда фантастика саласындағы ізденістер Абдулхамид Мархабаевтың «Арал әуендері». Төлеш Сүлейменовтың «Күн сынығы» кітаптарынан да аңғарылады. Соңғы жылдары балалар әдебиеті саласына қызықты хикаялар жанрының қанат жая бастауы — қуанарлық жай. Қызықты да күтпеген оқиғалар, тосын шешімдер, шиеленіскен түйіндер жас оқырманды әрқашан қызықтырып, олардың тапқырлыққа, батылдыққа, жігерлікке баулитыны, қиялын қанаттандыратыны белгілі. Шым-шытырық сюжеттік желілер, соған орай ашыла түсетін күрделі характерлер тағдырлары мен табиғаты балалар ойын шынықтыра түсуге қалай да өзіндік себін тигізбек.

Сайлаубай Жұбатыровтың «Алыстағы аралдар» кітабына енген кітап аттас повесі —